



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Үкімет отырысы



Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың 5-ші отырысында сөйлеген сөзінің қорытындысы бойынша бірқатар тапсырма берді, деп хабарлайды primeminister.kz.

Әр тапсырманың стратегиялық маңызы бар

Онда жаңа Салық кодексінің нормаларын жетілдіру, ЖИ-ді енгізу және цифрландыру, энергетика мен мұнай-газ, көлік пен логистика, сауда, су ресурстары саласын, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік, мәдениет, білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамытуды қоса алғанда, басым бағыттарға назар аударылды.

– Кешегі өткен Ұлттық құрылтайдың 5-ші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы болып табылатын бастамаларын жария етті. Парламент пен қоғамдық институттардың рөлін күшейту туралы ұсыныстар саяси жүйемен қатар, азаматтарымыздың мәдениетіне де демократиялық қағидаттарды біржолата орнықтыру процесі жүріп жатқанын білдіреді. Қазақстанның заманауи сын-тегеуріндерге қарсы тұруына көпідік беретін аса маңызды идеологиялық тұжырымдар айқындалды. Бұлар – қоғамды ұйыстыру, отанышылдық, әділдік және «Заң мен Тәртіп» қағидаттарына деген ымығымас устаным. Ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналған «Таза Қазақстан» да негізгі құндылықтардың қатарында тұр. Өз сөзінде Президент еліміздің одан әрі экономикалық дамуына қатысты негізгі нміздерді алға қойды, — деп атап өтті Премьер-министр.

Бұл ретте Мемлекет басшысы әрбір жауапты лауазымды азаматтарға батыл әрі тосын инновациялық шешімдер қабылдау қажеттігі туралы қатан талаптар қойып отыр.

Қойылған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

Ұлттық экономика министрлігіне «Атамекен» ұлттық палатасының өкілдерін, сарапшыларды тарта отырып, жұртшылық пен бизнес тарапынан келіп түскен ұсыныстар жинақталып, мұқият талдау жүргізіледі.

Цифрландыру саласында цифрландыруды жедел дамыту мен жасанды интеллектің енгізуіне баса назар аударылды, елімізді жаһандық цифрлық экономиканың эхожүйесіне кіріктіру міндеті қойылып отыр. Жасанды интеллект министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, әзірленіп жатқан «Digital Qazaqstan» бағдарламасында цифрландырудың үздік тәжірибелерін енгізу арқылы мемлекеттік функцияларды оптимизациялауға қарастыру, сондай-ақ сенімді әрі қауіпсіз IT-инфрақұрылым құру тапсырылды. Екібастұзда деректерді өңдеу орталықтарының алқабын құру жобасын шұғыл түрде жүзеге асыру өз алдына бөлек атап өтілді. Премьер-министр жалпы алғанда цифрландыру бағытында науқаншылыққа, көзбояушылыққа жол бермеуді, ал мемлекеттік органдардан нақты іс-әрекет пен нәтиже керектігін ерекше тапсырды.

Мемлекет басшысы көмір генерациясын дамытудың және жаңа ЖЭО жобаларын жүзеге асырудың маңыздылығына назар аударғанын атап өтті. Осыған байланысты «Самұрық-Қазына» қорына Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жаңа жылу электр орталықтарын салу жобаларын жүзеге асыруды жеделдету, 2-ші ГРЭС-ті кеңейту бойынша құрылыс барысын ерекше бақылауға алу, Құрчатовтағы ЖЭО және Екібастұздағы 3-ші ГРЭС жобаларының техникалық құжаттамасын дайындауды аяқтау тапсырылды. Энергетика министрлігі бір ай мерзімде көмір генерациясын дамыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеуі тиіс. Сонымен қатар елімізде энергия ресурстарына сұраныс өсіп отырған қазіргідей жағдайда геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру, көмірсутектердің жаңа кен орындарын игеру және ірі газ өңдеу зауыттарын уақтылы іске қосуды қамтамасыз ету міндеті қойылды. Сондай-ақ Энергетика министрлігі «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, келешегі зор жаңа мұнай және газ кен орындарын игерудің егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеп, Қор газ өңдеу жобаларын жүзеге асыру кестесін қатаң бақылауда ұстауы қажет.

Көлік саласында салалық ведомствоға «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, бір апта мерзімде жаңа халықаралық әуе рейстерін іске қосу және ұлттық қарго-тасымалдаушының алдағы қызметі жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды. Сонымен қатар Көлік және Энергетика министрліктері, «Қазмұнайгаз» компаниясы, мүдделі мемлекеттік органдар авиаотын бағасының және жалпы отандық әуежайлардың көбесіне қабілеттілігін арттыруға бағытталған шаралар көшенін жүзеге асырады. Теміржол саласында биыл «Қызылжар – Мойынты» және «Дарбаза – Мақтаарал», «Алтынкөл – Жетіген» және «Жезқазған – Сексеуіл» жобаларын аяқтау тапсырылды.

Сауда саласында Үкімет ЕАЭО шеңберінде қазақстандық тауар өндірушілерді қорғауды күшейтуде. Сауда және интеграция министрлігіне салалық ведомстволармен бірлесіп, екі апта мерзімде ішкі және сыртқы нарықтарда отандық өнімді кеңінен таныту бойынша жүйелі тәсілдерді әзірлеу тапсырылды.

Жалғасы 2-бетте

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙ: САЯСИ ЖАҢҒЫРУҒА ТАҒЫ БІР ҚАДАМ

Осы аптадағы еліміздегі ең айтулы оқиғаның бірі құрылтай десек, сөзімізді ешкім жоққа шығара қоймас. Бұл жиынның ерекшелігі сол Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы ассамблеясы миссиясын аяқтағаны айтылды. Елде бір палаталы Парламент құрылып, оған Құрылтай деген атау беру ұсынылды. Тіпті Ата заңымызға да түбегейлі өзгеріс енуі мүмкін. Тағы бір жаңалық ретінде Қазақстанда Вице-президент лауазымы болатынын атап өткен жөн.

Тарихи қалалардың заңды жалғасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бүгін Ұлттық құрылтай жиыны осымен бесінші рет шақырылып отыр. Бұл форумның алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өтті. Екінші жиын түбі бір түрті жұртының қара шаңырағы – Түркістанда болды. Үшінші отырыс бірегей Атырау аймағында ұйымдастырылды. Ал былтыр тарихы бай Көкшетау төрінде жиналды. Енді міне, қастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ, «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршінкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала еркеніеті болғанын аңғартады. Қызылордасы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы деі аламыз. Бұл шаһардың тарихи маң-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды. Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жіенбай, Нұрғатай, Нартай сынды салнақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі», — деп Қызылорданың тарихи һәм рухани орнына ерекше тоқталды.



Еңбек адамдарының мекені

Президент Сыр бойын нағыз еңбек адамдарының мекені екенін атап өтті. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққанын дүйім жұрт жақсы біледі. Қазірдің өзінде ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, Еңбек Ері болған Абзал Ералиев пен Имамзада Шағыртаев Сыр еңбеккерлерінің көшін бастап тұр. Бір сөзбен айтқанда, әйгілі күршіші, даңғайыр диқан, екі мәрте Еңбек Ері атағын алған дала академигі Ыбырай Жақаевтың ізбасарлары аға буынның абыройлы жолын лайықты жалғастырып келеді.

– Бүгінгі басқосуға Сыр елінің азаматтары қатысып отыр. Олардың ішінде ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер және жастар бар. Осы орайда, жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын атап өткім келеді. Мен Сыр елі жұртшылығының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отанышылдықты керемін Облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы көз тартады. Мысалы, Нағи

Ілиясов, Таң ауылдарын бүкіл елге үлгі ретінде үнемі айтып жүреміз. Сіздер осы аймақпен қатар, күллі еліміздің дамуына үлес қосып келесіздер, — деді Қ.Тоқаев.

Алашқа ана атанған Сырдың қазіргі ахуалына дүйім жұрт қанық. Қызылорда қаласын ғана емес даласын да өркендетуге ден қойған. Бұған аймақтағы атқарылып жатқан оңды жұмыстар дәлел бола алады. Бірсыпырасына тоқталсақ, өткен жылы Сыр өңірінің ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өскен. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. 2025 жылы 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын көпшілік жақсы біледі. Стра-тегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынғанын атап өткен жөн. Бұл – Сырдағы ғана емес, сонымен қатар Қазақстан бойынша жүзеге асқан бірегей жобаның бірі. Мамандар жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтатынын алға тартады. Бұдан бөлек облыс тұрғындары сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы «көгілдір отынды» пайдаланады. Елді мекендерге газ құбырын тарту жұмысы

алдағы уақытта да жалғаса бермек. Аймақтағы автокөлік жолының сапасы да көңілге қонымды. Сонымен қатар әуе және темір жол жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы ашылды, Қызылорда қаласындағы темір жол вокзалы құрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса, аймақтағы 10 темір жол бекетін жаңғырту жұмысы басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі.

– Қазір Қызылорда облысында, әсіресе әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – өкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі, — Мемлекет басшысы.

Жалғасы 2-бетте

Брифинг

ТАБАНДЫ ТІРЛІК НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ

2025 жыл Жалағаш үшін барлық көрсеткіш жоғары деңгейде орындалған жыл ретінде ел есінде қалды. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі – 102,3%, өңдеу өнеркәсібі – 108,2%, инвестиция тарту – 101,3%, бөлшек сауда – 100,2%, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі – 100%, тұрғын үй көлемі – 104,3%, құрылыс жұмыстары – 115,1% орындалған. Бұл туралы Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов облыс әкімдігіндегі өңірлік коммуникациялар орталығының баспасөз алаңында өткен брифингте айтты.

– Өткен жылы Қызылорда қаласының қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толуы айрықша аталып өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының Сыр өңіріне жасаған жұмыс сапары аймақтың дамуына жаңа серпін беріп, жүзеге асырылып жатқан стратегиялық бағыттардың дұрыстығын айқындады. Күні кеше өткен Ұлттық құрылтайда Президенттің өңіріміздің дамуы мен облыс өкімі Нұрлыбек Машбекұлының еңбегіне берген жоғары бағасы өңірде атқарылып жатқан жүйелі жұмыстардың нәтижесін көрсетті. Бұл – барлығымыз үшін зор мәртебе үлкен жауапкершілік жүктейтін маңызды сенім, — деген Ардақ Әбдіғалпарұлы аймақ басшысының қолдауымен бірлескен жұмыстың нәтижесінде Жалағаш ауданында атқарылған жұмыстарды рет-ретімен баяндады.

Аудан басшысы бюджеттің жыл көлемінде 9,5 млрд теңгеге нақтыланып, 100 пайыз игерілгенін атап өтті. Жалағашта шағын және орта кәсіпкерлікті



Фото: Нұрболат Нұржаубай

дамыту бағытында да атқарылған іс аз емес. Аудан бойынша 2806 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, оның 2727-сі немесе 97 пайызы нақты жұмыс істеп тұрғанын атап өткен жөн. Қаржы институттары арқылы кәсіпкерлердің 264 жобасы 4,3 млрд теңгеге қаржыландырылған.

– Мемлекет басшысының ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасы іске асырылуда. 2025 жылы «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 166,5 млн теңгеге 33 жоба қаржыландырылып, 35 жаңа жұмыс орны құрылды. Жыл басынан «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2 жоба 15,2 млн теңгеге құрайтын 18 жобаның құжаттары Атаматнесіе цифрлық платформасына енгізілді. Ұлттық цифрлық инвестициялық платформадан жалпы құны 1 млрд теңгегі құрайтын 4 инвестициялық жоба енгізіліп, іске асы-

рылды. Нәтижесінде өңдеу саласында бірқатар өндірістік цехтар іске қосылып, 19 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар жалпы құны 51 млрд теңгеге құрайтын «Harvest Agro Holding» компаниясының техникалық дақылдарды егу және қайта өңдеу кластері жобасы жүзеге асырылуда. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы ауданымызда инвестор қаржысына салынған ең ірі жоба болмақ, — деді аудан өкімі.

Ауыл шаруашылығы саласы аудан экономикасының негізгі бағытының бірі болып табылады. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне сәйкес аудан ауыл шаруашылығы негізінен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш өсіруге бейімделген. Жалағаштағы 338 шаруашылықтың 202-сі егін шаруашылығымен, 136-сы мал шаруашылығымен айналысады. Өткен жылы 209 шаруашылық 36712 гектарға егін өккен. Оның 19357 гектарын күріш егістігі құрағанын айта кеткен ләзім.

– Су тапшылығына қарамастан, мемлекеттік қолдау мен жаңа технологияларды пайдалану нәтижесінде егін жинау жұмыстары толық орындалды. Орташа өнімділік гектарына 60,1 центнерді құрап, 116 331 тонна өнім жиналды. Егін науқанының нәтижесі бойынша аудан «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша «Озат аудан» деп танылды. 2026 жылы 36678 гектарға егін егу жоспарлануда. Шаруашылықтар өз техникалық базасын жаңғыртып, жыл ішінде 1,2 млрд теңгеге 27 жаңа ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды. Егін шаруашылығымен қатар ауданда мал шаруашылығы да тұрақты дамып келеді. Қазіргі таңда аудан бойынша 32687 бас мүйізді ірі қара, 24231 бас уақ мал, 33763 бас жылқы, 765 бас түйе және 10251 бас құс өсірілуде, — деді А.Әбдіғалпарұлы.

Жалғасы 4-бетте



Әр тапсырманың стратегиялық маңызы бар

Президент атап өткен Арал теңізі мәселелерін ескере отырып, су саласына қатысты тапсырмалар берілді. Сыр өңірінде тұрған соң бұл мәселе біз үшін де аса мыңызды екенін ұмытпау керек. Үкімет басшысы Су ресурстары министрлігіне осы жылдың 30 маусымына дейін Солтүстік Арал теңізін сақтаудың екінші кезеңін дайындауды аяқтап, жыл соңына дейін қаржыландыру мәселесін, оның ішінде халықаралық ұйымдар есебінен қаржыландыруды шешу жайлы тапсырма берді.

Сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, биыл Қазақстанның су-энергетикалық ресурстары картасын әзірлеу тапсырылды. Мемлекет басшысының Біріккен Ұлттар Ұйымы алаңында Халықаралық су ұйымын құруға қатысты бастамасын одан әрі ілгерілету жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі атап өтілді.

Президент экономиканың түрлі салаларын дамытуға ғылыми әлеуеттің толық пайдаланылмай отырғанын сынға алды.

Осыған байланысты Үкімет экономиканың түрлі салаларын дамытуға қолда бар ғылыми әзірлемелерді тарту және өзекті зерттеулерге тапсырыстарды жөдел қалыптастыру жұмысын күшейтеді.

«Заң мен тәртіптің қағидады шеңберінде ішкі істер министрлігі 20 ақпанға дейін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, әлеуметтік, экономикалық және цифрлық салалардағы алаяқтық фактілер мен схемаларды анықтау, жолын кесу және ашу бойынша жүйелі шаралар әзірлеуі қажет. Сонымен қатар иммиграциялық алаяқтықтың, шетел азаматтарының заңсыз тұруын заңдастыру арналарының жолын кесу жөнінде қосымша шаралар әзірлеген жөн».

Зан үстемдігін және құқық бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпас қағидаын сақтау бойынша барлық деңгейде тұрақты жұмыс жүргізілуі тиіс екені атап өтілді.

Президент дәстүрлі құндылықтарды қорғау, неке және отбасы институтын нығайту, зиянды нәрселерді, ерсі қылықтарды насихаттауға тосқауыл қою қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты Әділет министрлігі мен барлық мүдделі мемлекеттік орган нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізіп, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуі тиіс.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы мемлекеттік рәміздерге құрметпен қараудың маңыздылығын атап өтті. Мәдениет министрлігіне мемлекеттік рәміздерді пайдалануды реттеуді жетілдіру мақсатында Қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге егжей-тегжейлі талдау жүргізу тапсырылды.

Мәдениет, Қаржы және Ұлттық экономика министрліктеріне бірқатар өңірдегі театр құрылысы мен реконструкциялау жұмыстарын қаржыландыруды, сондай-ақ Қазақстанның мәдени мұра нысандарын және Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО тізіміне енгізу рәсімін сүйемдеу тапсырылды.

Премьер-министр білім беру саласын мемлекеттік қаржыландыру тетігін реформалау, жаңадан ашылатын жекеменшік мектептерде мемлекеттік тапсырысты орналастыруға мораторий енгізуді және Оқу-ағарту министрлігіне бір ай ішінде жекеменшік оқу орындарына лицензиядан кейінгі бақылау жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорын Қаржы министрлігінің қарамағына беру туралы Үкіметтің шешімін қолдады.

Бұрын жүргізілген ақпараттық медициналық жүйелерді талдау нәтижелері бойынша тиісті тексерулер басталып кетті, кінелі тұлғалар жауапқа тартылады. Қаражатты пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін биылғы 1 шілдеге дейін МСӨҚ ақпараттық жүйесін Денсаулық сақтау министрлігі жүйесіне енгізу тапсырылды.

Мемлекет басшысының барлық тапсырмасы елімізді ауқымды жаңғыртудың бірыңғай ұзақмерзімді стратегиясымен үндесіп жатыр. Оларды жүзеге асыру барлық құрылымның нақты әрі үйлесімді жұмысына байланысты. Әрбір басшы дербес жауапты болады, — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Дайындаған Е.СОЗАҚБАЕВ

БАСЫ 1-BETTE

2026 жылы Қазақстан мен әлем өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың, өнер мен ғылым өкілдерінің, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің айтулы мерейтойлары аталып өтеді.

ҰЛТ РУХЫН ОЯТҚАН

Ұлттың білімділігі, мәдениеттілігі, жан-жақтылығы, саналылығы адамның кітапқұмарлығынан басталады. Бәсекеге қабілеттіліктің басты нышаны — білім, ал білімнің көүсар бұлағы — кітап екені бәрімізге мәлім. Сондықтан еліміздің болашағы — жастардың ғылым мен білім жолындағы өмірлік құлшынысына жолдама беретін ірі мәдени-рухани орталық бұл — кітапхана. Кітапхана ата-бабамыздан қалған салықалы сөздер мен тағылымды тәрбиенің басын тоғыстырып, қазіргі заманғы өркениеттің әспеттейтін киелі рухани орда.

Жалағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі — оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір релін қалтқысыз атқарып келе жатқан ғасырға жуық тарихы бар руханият ордасы. Әрине, мәдениеттің бір тармағы ретінде ол — халыққа ортақ игілік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті, азаматтарымыздың рухы ерқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет», — деген болатын. Осыған орай 2025 жылы мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қауыштыратын заманауи үлгідегі Руханият орталығына аудандық кітапхана көшіріліп өз оқырманына үздіксіз қызмет көрсетіп келеді.

Жылдың басында еліміз бойынша және Юнеско көлемінде мерейтойлары аталып өтілетін тарихи тұлғалардың, ақын-жазушылардың, қазақ халқынан шыққан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің архив шежірелері, құжаттары, фотолары, кітаптары қойылған дәстүрлі кітап көрмесі ұйымдастырылады.

Жеке тұлғалардың мерейтойларына арналған көрмеге қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы Ыбырай Алтынсаринге — 185 жыл, өлең сөздің дүлдүлі, жырыш Жамбыл Жабаявқа — 180 жыл, қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейхановқа — 160 жыл, әйгілі композитор, дирижер, Қазақстанның халық әртісі Ахмет Жұбановқа — 120 жыл, әйгілі опера өншісі Ермек Серкебаев пен көрнекті кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдығы және жергілікті ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің мерейлі жасына байланысты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар қойылды. Көрме кітапхана оқырмандарына жыл бойы тұрақты түрде ұсынылады.

Көрменің негізгі мақсаты — жастар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Сонымен бірге жас ұрпақтың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, рухани иммунитетін көтеру.

Айсұлу ӘМЗЕЕВА,
аудандық кітапхананың библиографы

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙ: САЯСИ ЖАҢҒЫРУҒА ТАҒЫ БІР ҚАДАМ



Аралды құтқару – адамзат үшін өзекті

Қасым-Жомарт Тоқаев Арал мәселесіне де тоқталды. Ол Қызылордада көліп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емесін айтып, Аралды құтқару — барша адамзат үшін өлі де өте өзекті міндет екенін тілге тиек етті.

— Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Көкқарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады. Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет, — деді Президент.

Арал мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Осыған дейінгі атқарылған жұмыс Кіші Аралды сақтауға мүмкіндік берді. Әйтсе де тоқмөйісуге болмайды. Арал табиғат үшін де, адамзат үшін де маңызды. Құрылтайдағы тапсырмалардың орындалуына байланысты өткен Үкімет отырысында Премьер-министр бұған арнайы тоқталды. Үкімет отырысында Президент атап өткен Арал теңізі мәселелері тексеріліп, су саласына қатысты тапсырмалар берілді. Су ресурстары министрлігі осы жылдың 30 маусымына дейін Солтүстік Арал теңізін сақтаудың екінші кезеңін дайындауды аяқтап, жыл соңына дейін қаржыландыру мәселесін, оның ішінде халықаралық ұйымдар есебінен қаржыландыруды шешуі қажет деген тапсырма берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі тарапқан ақпаратқа сүйенсек, қазіргі таңда Солтүстік Арал теңізінің көлемі 2023 жылдың басындағы 18,4 млрд текше метрден 23 млрд текше метрге дейін артқан. Көкқарал бөгетін реконструкциялау және су деңгейін 44 метрге дейін көтеруді қамтитын теңізді сақтау жобасының екінші кезеңін әзірлеу аяқталу сатысында екен. Сонымен қатар Түркістан және Қызылорда облыстарындағы суару жүйелерін жаңғырту, автоматтандыру бойынша 167 жоба-сметалық құжаттама әзірленуде. Су үнемдеу технологиялары 143,1 мың гектар жерге енгізіліп, шамамен 500 млн текше метр суды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Президент пәрмені

Мемлекет басшысы құрылтайда Сыр өңірінде жаңа кітапхана мен драма театр салу жайлы пәрмен берді. Тіпті “Қызылорда-Ақтөбе” бағытындағы төрт жолақты автожол құрылысын биыл бастауды тапсырды.

— Музей ісін дамыту — маңызды міндеттің бірі. Осы ретте, Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Мен күзде қалаға жұмыс сапарымен келгенде мұражайды аралап көрдім. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі етуге болады. Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі, — деді Қ.Тоқаев.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімдігінде өткен жиында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев құрылтайдағы тапсырмаларға тоқталды.

— Құрылтайдың осында 100 жыл бұрын Қазақ елінің астанасы болған, қазақ атауы қайтарылған Қызылорда қаласында өткені тарихи мәнге ие. Бұл — бізге жүктелген жауапкершілік пен зор сенім. Құрылтай отырысында ел тарихына алтын өріппен жазылатын,



келешек ұрпақ айта жүретін маңызды шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер еліміздің саяси, әлеуметтік, және экономикалық дамуына серпін беріп, халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды қадам болатыны сөзсіз. Тағы бір қуанышты жаңалық, Президентіміз 10 жерлесімізді жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады. Құрылтайдың жоғары деңгейде өтуі — әріптестеріміз бен барша Сыр жұртшылығының бекем бірлігінің, ерен еңбегінің жемісі. Алдағы уақытта Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды сапалы әрі жүйелі орындауымыз қажет, — деді облыс әкімі.

Сауысқандық шатқалы арнайы зерттеуді қажет етеді

Қазақ даласының қай түкпірінде болсын тарихи орындар аз емес. Тіпті тасын түртсең тарихын баяндайтын мекендер де бар. Соның бірі ретінде Қара-таудағы Сауысқандық шатқалын атап өтуге болады.



— Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі — қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз

Қызылорда жеріндегі Сауысқандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын. Құзырлы министрлікке осы мәселелерге қатысты жұмысты қолға алуды тапсырамын, — деді Президент құрылтайда.

Мемлекет басшысының құрылтайдағы тапсырмасын орындау мақсатында өткен Үкімет отырысында бұл мәселе де назардан тыс қалмады. Президент тапсырмасымен Қаратау жотасындағы петроглифтерді ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу мақсатында тиісті жұмыстар атқарылады. Үкімет сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, ЮНЕСКО қағидаларына сай 2026-2027 жылдары номинациялық құжатта жасалып, одан кейінгі жылдары нақты шешім қабылданады.

Қызылордадағы құрылтайда ел дамуына негіз болатын мәселелерге қамтылғанын дүйім жұрт жақсы біледі. Сөз басында Ата заңымыз түбегейлі өзге-

Әзиз БАТЫРБЕКОВ

БАСЫ 1-BETTE

Жүйелі жұмыс жалғасады



Сәрсенбі күні аудан әкімі Ардақ Ибрагимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Жиында Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың V отырысында берген тапсырмаларын ауданда іске асыру мәселелері қаралды.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, мәжілісте А.Ибрагимов облыста өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысының маңызына тоқталған.

— Кеше облысымызда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысы ел болашағына бағытталған тағылымы терең, маңызды жиын болды. Мемлекет басшысы өз сөзінде еліміздің дамуына қатысты өзекті мәселелерді көтеріп, нақты міндеттерді айқындады. Құрылтайға облыс тарапынан тыңғылықты дайындық жүргізіліп, делегаттар Сыр өңірінде атқарылып жатқан ауқымды жобаларға жоғары баға берді. Аймақта Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен және аймақ басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жүйелі жұмыстардың оң бағалануы — барша сырбойылықтар үшін, оның ішінде аудан жұртшылығы үшін де үлкен айырыл өрі зор жауапкершілік. Мемлекет басшысы облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы мен қарқынды дамуына ерекше тоқталып, ауданымыздағы Таң ауылын бүкіл елге үлгі ретінде атап өтті. Бұл — ел игілігі жолындағы бірлескен еңбектің нақты нәтижесі.

Алдағы уақытта да Құрылтайда жүктелген міндеттерді басшылыққа алып, ауданымыздың дамуы жолында табанды еңбек етуіміз қажет, — деді аудан басшысы.

Сондай-ақ жиында бюджеттік жоспарлар мен макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктеліп, Ұлттық құрылтайда берілген тапсырмалардың аудан көлемінде сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету тапсырылды.

Айта кетейік, Қазақстан Президенті құрылтайды Сырдағы серпінге оң баға беріп, бұл аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың жемісті жұмысының нәтижесі екенін атап өтті.

— Қазір Қызылорда облысында, әсіресе әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл — әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі, — деді Мемлекет басшысы.

«ЖЖ» ақпарат

Тарихқа көз жіберсек, өткен ғасырларда да қазақ даласында әр жылдары құрылтай шақырып, жақсы мен жайсаңдардың қатысуымен елімізге, жерімізге қатысты маңызды мәселелер шешіліпті. Соның бірі 1710 жылы Арал теңізінің солтүстігіндегі Қарақұм алқабында өтіпті. Яғни Сыр өңірінде де ел жақсыларының бірнеше мәрте бас қосуы болған.

МӘДЕНИ-РУХАНИ САЛАҒА КӨҢІЛ БӨЛІНДІ

Алғашқы Ұлттық құрылтай қазақтың түп қазығы — Ұлытауда өтті. Одан кейін құрылтай мүшелері Түркістан, Атырау, Бұрабай секілді шаһарларда бас қосып, ел ішіндегі өткір де өзекті мәселелерді ортаға салды. Биыл кезекті V Ұлттық құрылтай көне шаһар Ақмешіте өтті. Мемлекет басшысының шешімімен құрылтайдың Алаштың алғашқы астанасы болған Сыр елінде, Қызылорда қаласында өткізілуі үлкен мәнге ие деп ойлаймын. Бұл жайында әлеуметтің оң пікірі де басым және бұл заңды да. Олай дейтініміз, Сыр өңірінің тарихи тамыры тым тереңде жатыр. Арғысын айтпағанда, қазақтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары астана болып, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілдерінің басын біріктірді. Қазір де Қызылорданың қазақтың рухани астанасы десек болады. Оған себеп те жоқ емес...

Сонымен V Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі — мәдениет пен өнер. Себебі, қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар нәтиже бермейді», — деді.

Рас, театрсыз, кітапсыз қоғам қалыптастыру мемлекет үшін қауіп. Театрға бармайтын, кітап оқымайтын ұрпақ өркениетті қоғам қалыптастыра алмайды. Осы тұрғыда Мемлекет басшысының Сыр еліндегі көлемі кеңесте Қызылорда облысының орталығынан биыл жаңа драма театр мен заманауи кітапхананың құрылысы басталады деген сөзін естіп, шығармашылық өкілі ретінде шын қуандым. Бұрыннан да Қызылорда қызыр қонған аймақ. Жыраулық өнердің жалауын көтерген жер. «Сырдың елі — жырдың елі» деген сөз бекерге айтылмаса керек.

Қызылорда тетарлар мен кітапханалардан кенде емес. Басқасын айтпағанда, «Нартай Бөкежанов» пен «Әбділда Тәжібаев» өңірдің өнері мен әдебиетіне үздіксіз қызмет көрсетіп келеді. Десе де, Президент сөзі «нұр үстіне нұр» болғандай...

Мемлекет басшысы бұрыннан да мәдени саланы жетілдіруді, соның ішінде кітапханалар жүйесін дамытып, ондағы кітап қорын молайтуды назардан тыс қалдырған емес. Ал келешек Сыр өңірінен бой көтеретін заманға лайық зәулім театр мен кітапхана — аймақ руханиятының дамуына және Сыр бойындағы күннен күнге көріктеніп келе жатқан бас шаһардың ажарын айшықтай түседі деп сенемін.

Қуат АДИС,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
аудандық мәслихат депутаты

ТАБАНДЫ ТІРЛІК НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ



Жалағашта пайдаланылмай жатқан және заңнама талаптарын бұза отырып пайдаланылған жалпы көлемі 11624 гектарды құрайтын 24 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылған. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайта айналымға енгізу үшін жалпы көлемі 31908 гектар болатын 16 жер учаскесі жеке және заңды тұлғаларға берілген.

Тағы бір атап өтерлігі, жол құрылысы да қарқынды. Өткен жылы жол саласын дамытуға бюджеттен 2 млрд теңге бөлініп, аудандық маңызы бар 1 автомобиль жолы мен кент және ауылдық округтердегі 37 ішкі көшеге күрделі жөндеу, 8 көшеге тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі күнге Жалағаш ауданының жол саласы бойынша барлығы 3,4 млрд теңгені құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолданды. Алдағы уақытта бюджеттің мүмкіндігіне қарай жұмыстар жалғаспақ.

Аймақ басшысының аудандардың шеткі аумақтарында орналасқан елді мекендерін дамыту тапсырмасына сәйкес Жаңадария, Аққыр елді мекендерінің 5 көшесін күрделі жөндеуден өткізуге осы жылға бюджеттен 565 млн теңге бөлінген.

Осы сынды мәліметтерді алға тартқан Жалағаш ауданының әкімі халықты ауысумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Елді мекендерді ауысумен қамтамасыз ету бағытында нақты нәтижеге қол жеткізу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күні аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауысумен қамтылған. Сонымен қатар 2025 жылы Есет батыр елді мекенінде ауызсу жүйесін қайта жаңғырту жобасы аясында бюджеттен 38,1 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Аталған жоба бойынша келісім шарттың жалпы құны 381,2 млн теңгені құрайды, – деді А.Ибраимов.

Аудан әкімі электр желілерін жаңғырту мақсатында атқарылған жұмыстарды да мәлім етті. Жалпы Жалағашта электр желілерінің ұзындығы 457,5 шақырымды құраса, ал электр жүйелерінің орташа тозу деңгейі 32,5 пайыз болып отыр. Жалағаш кенті, Еңбек және М. Шәменов ауылдарының электр желілерін жөндеу мақсатында демеушілер есебінен жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыру үшін бюджетке ұсынылған. Аталған жобалар бойынша бюджеттен 1 млрд 661 млн теңге көлемінде қаржы бөлу жоспарлануда.

Бүгінгі күні аудан халқының 50 пайызы «көгілдір отынмен» қамтылған. 2025 жылдың қараша айында Қаракеткен және Далдабай елді мекендерін газдандыруға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, газ желілерін тарту жұмыстары басталды. Қазіргі уақытта биылға нақтыланған бюджеттен тиісті қаражаттарын бөлу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Бұқарбай батыр ауылын газдандыру мақсатында демеушілер есебінен жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, бюджеттік өтінім салалық министрлікке жолданды. Аталған жобаның жалпы құны 1,3 млрд теңгені құрайды.

Әлеуметтік сала бойынша да айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізілді. Халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндетіміз. Бұл бағытта айқын және нақты жоспар бойынша оң нәтижелерге қол жеткіздік деп толықтай айта аламыз. 2025 жылы жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрады. Жастар арасында жұмыссыздық деңгейі 3,8 пайыз. Ауданымызда Ұлттық жоба аясында 16 жобаға 175 адам жұмыспен қамту жоспарланса, қазіргі таңда 183 адам жұмыспен қамтылды немесе 105,1 пайызға орындалды, – деген аудан әкімі білім саласындағы жұмыстарды тілге тиек етті.

2025-2026 оқу жылына дайындық жұмыстарына 262,5 млн теңге қаржы қаралды. Бөлінген қаражат аясында 5 мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, 3 мектеп жанынан жаңа спорт алаңдары салынды, сондай-ақ 2 мектептің спорт алаңдары күрделі жөндеуден өтті. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауданның барлық білім беру ұйымдары 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен қамтылып, полиция бөлімімен толық интеграцияланған.

Денсаулық сақтау саласы жылдан жылға тұрақты түрде дамып келеді. Соңғы үлгідегі жаңа аурухана мен жаңа типтегі емхананың пайдалануға берілуі аудан тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыруға және халық денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде. Республикалық бюджеттен 388 млн теңге бөлініп, Қаракеткен ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория салынды. Жаңа нысан заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық жабдықталып, тұрғындарға сапалы әрі жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беріп отыр.

Аудандық аурухананың медициналық қызмет сапасын арттыру және материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында нақты жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, лизинг арқылы құны 62,4 млн теңгені құрайтын заманауи ультратдыбыстық диагностикалық аппарат (УДЗ) сатып алынды. Сонымен қатар 98 млн теңгеге рентген-маммографиялық және стационарлық цифрлық рентген-флюорографиялық аппараттар алынып, медициналық қызметке енгізілді.

Мәдениет саласында да ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Жемісті жобаның бірі ретінде «Руханият» орталығы салынып, жұрт игілігін көріп отырғанын атап өтуге болады.

Аталған көпфункционалды ғимаратта музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, сондай-ақ ардагерлер және аналар

кеңесі, жас астар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері, тарихи-мәдени және рухани ұйымдар бір орталыққа біріктірілген.

Спорт саласында да жүйелі жұмыс бар. Қазіргі таңда шамамен 16 мың тұрғын, яғни жалпы халықтың 44,3 пайызы бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысып отыр. Аудан спортшылары әлемдік, Азия чемпионаттары және облыстық жарыстарда 279 медаль иеленіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында кент орталығында жоба құны 471 млн теңге болатын денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінде жалпы құны 175 млн теңге болатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, тұрғындар игілігіне берілді. Қазақстан футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, екіжақты жасалған меморандум нәтижесінде УЕФА-ның «Алап» жобасы аясында жалпы құны – 180 млн теңгеге ауданымыздағы орталық стадионның жасанды алаңы қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар аудан бюджетінен 43,5 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деді әкім.

Жалағашта демеушілер көмегімен атқарылған жұмыс та аз емес. Атап айтқанда, Таң елді мекенінде Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған ескерткіш жаңғыртылды. Аламесек ауылындағы ескерткіш күрделі жөндеуден өтсе, Мәдениет, Қаракеткен, Аққұм елді мекендерінде балалар ойын алаңдары салынып, Жалағаш кентіндегі көшелерге жарықшамдар орнатылған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ауданда «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

Есептік кезеңде барлық елді мекенде санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Скверлер мен парктер, әлеуметтік және бизнес нысандарының аумақтары, су айдындары мен көше бойлары толық тазартылды. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы бюджеттен 166 млн теңге қаржы қаралып, Жалағаш кенті мен 14 елді мекенде абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде 4980 тонна қатты тұрмыстық қалдық полигондарға шығарылып, 18 техника тұрақты түрде жұмылдырылды. Сонымен қатар өңір климатына бейім қарағаш, терек және Сырталы көшеттері отырғызылып, жасыл желек аумағы кеңейді. Өздеріңіз білесіздер, жуырда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы облыс орталығымен қатар Жалағаш ауданындағы Таң ауылының тазалығын ерекше атап өтіп, оны бүкіл елге үлгі ретінде көрсетті, – деген аудан әкімі БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимовтың баяндамасынан атқарылған істің аз емесін, ал атқарылатын істің одан да көп екенін аңғардық. Бұдан аудан басшылығының бар күш-қуатын, ерік-жігерін елі ырысты, жері құришті Жалағашты гүлдентіруге жұмсап жатқанын көруге болады.

Е.ӘНУАРУЛЫ
БАСЫ 1-БЕТТЕ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №119